

ҚР ОАМ «Балаларды ерте дамыту институты» РММ



**МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ
МЕН ОҚЫТУДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
ЖАЛШЫҒА МІНДЕТТІ СТАНДАРТЫ**

Стандарттың ерекшеліктері

- ӘР БАЛАНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ЖАЛПЫ АДАМИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫ **ТОЛЫҚҚАНДЫ ДАМУЫ МЕН ӘЛЕУЕТІН АШУДЫ** КӨЗДЕУ
- ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНДЕ **САҒАТТАР САНЫНЫҢ** БОЛМАУЫ
- МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ӨЗДІГІНЕН **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ** МҮМКІНДІГІНІҢ БОЛУЫ

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МАЗМҰНЫ КҮНІ БОЙЫ ПЕДАГОГТИҢ ОЙЫН ТҮРІНДЕГІ ТҮРЛІ БАЛАЛАР ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРАТЫН КІРІКТІРІЛГЕН САБАҒЫ АРҚЫЛЫ ІСКЕ АСЫРЫЛАДЫ:

- ОЙЫН
- ҚИМЫЛ
- ТАНЫМДЫҚ
- ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ
- ЗЕРТТЕУ
- ЕҢБЕК
- ДЕРБЕС



Стандарт:

- ❑ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНҒАН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МАЗМҰНЫН АНЫҚТАУҒА
- ❑ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІН АНЫҚТАУҒА
- ❑ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУ МЕРЗІМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАРҒА
- ❑ ҮЛГІЛІК ЖӘНЕ ВАРИАТИВТІК ОҚУ ЖОСПАРЛАРЫН ӨЗІРЛЕУГЕ
- ❑ ҮЛГІЛІК ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ (ВАРИАТИВТІК, ЖЕКЕ, БЕЙІМДЕЛГЕН, ҚОСЫМША) БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУГЕ
- ❑ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАҒЫ ЖАС ТОПТАРЫНЫҢ КҮН ТӘРТІБІН ҚҰРУҒА
- ❑ ӘРБІР БАЛАНЫҢ ЖАН-ЖАҚТЫ ДАМУЫ МЕН ӘЛЕУЕТІН АШУҒА ҚОЛАЙЛЫ ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУҒА
- ❑ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАУҒА
- ❑ БАЛАНЫҢ ДАРАЛЫҒЫН ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ДАМЫТУШЫ ЗАТТЫҚ-КЕҢІСТІКТІК ОРТА ҚҰРУҒА
- ❑ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ҮШІН **НЕГІЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.**

Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

- ❑ ӘР БАЛАНЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАРЫН, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІН ЕСКЕРЕ ОТЫРЫП, ЖАЛПЫ АДАМИ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ ОЛАРДЫ ТОЛЫҚҚАНДЫ ДАМЫТУ МЕН ӘЛЕУЕТІН АШУ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ
- ❑ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН, ӨМІРІН ҚОРҒАУ, ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТУ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛЕДІ
- ❑ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ, ҚАУІПСІЗ ӨМІР СҮРУ ДАҒДЫЛАРЫ, ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС, БЕЙІМДЕЛУ, КОММУНИКАТИВТІК, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭМОЦИОНАЛДЫ, КОГНИТИВТІК ДАҒДЫЛАР, ӨЗІНЕ, ОТБАСЫНА, ҚҰРДАСТАРЫНА, ҚОРШАҒАН ОРТАҒА АДАМГЕРШІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ, ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС МӘДЕНИЕТІ, ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН АЗАМАТТЫҚ НЕГІЗДЕРІ, ПАТРИОТИЗМ ҚАЛЫПТАСАДЫ
- ❑ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ФИЗИКАЛЫҚ, ЗИЯТКЕРЛІК, ТАНЫМДЫҚ-СӨЙЛЕУ, КӨРКЕМ-ЭСТЕТИКАЛЫҚ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІ ДАМИДЫ
- ❑ ОТАНҒА, АНА ТІЛІНЕ СҮЙІСПЕНШІЛІК ТӘРБИЕЛЕНЕДІ
- ❑ БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУҒА ФИЗИКАЛЫҚ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ, ЭМОЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ДАЙЫНДЫҒЫ ҮШІН ТЕҢ БАСТАПҚЫ МҮМКІНДІКТЕР БЕРІЛЕДІ

Негізгі басымдықтар:

- ❑ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ БАРЛЫҚ ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛЫ АРҚЫЛЫ БАҚЫТТЫ, ДЕНІ САУ, ДЕРБЕС, БІЛУГЕ ҚҰМАР, ТІЛ ТАБЫСҚЫШ, СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАЙТЫН БАЛАЛАРДЫҢ ТОЛЫҚҚАНДЫ ДАМУЫ ҮШІН ЖАҒДАЙ ЖАСАУ
- ❑ БАЛАЛАРДЫҢ БАСТАМАЛАРЫН ОЛАРДЫҢ ТҮРЛІ ӘРЕКЕТТЕРІНДЕ ҚОЛДАУ
- ❑ БАЛАНЫҢ ДАРАЛЫҒЫ МЕН СУБЪЕКТИВТІЛІГІН ҚОЛДАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНАТЫН ОЙЫН ЖӘНЕ ТАҚЫРЫПТЫҚ АЙМАҚТАР, ИНКЛЮЗИВТІ ДАМУШЫ ОРТА ҚҰРУ
- ❑ ӘР ТӘРБИЕЛЕНУШІНІҢ ОТБАСЫМЕН ӘРІПТЕСТІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУ
- ❑ БАЛАЛАРДЫ ДАМУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУ ҮШІН ОТБАСЫ МЕН МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ КҮШ-ЖІГЕРІН БІРІКТІРУ
- ❑ АТА-АНАСЫНА, ДОСТАРЫНА, ТУҒАН ӨЛКЕСІНЕ ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК ПЕН ҚАМҚОРЛЫҚ КӨРСЕТЕ БІЛУ, ОТБАСЫН БАҒАЛАУ
- ❑ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ДӘСТҮР АРҚЫЛЫ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БАЛАНЫҢ ЖЕКЕ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

- 1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
- 2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
- 3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- 5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылады.

Білім беру бағдарламалары (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша)

Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде әзірленеді және оларда:

- 1) Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында айқындалған міндеттерге қол жеткізу; мектепке дейінгі ұйым таңдаған бағытқа және баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес келетін мазмұн;
- 2) тәрбие мен оқыту мазмұнының сабақтастығы және үздіксіздік қағидаттарын қамтамасыз ету;
- 3) ұйымдастырылған іс-әрекет бойынша күтілетін нәтиже;
- 4) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
- 5) тәрбиелеу мен оқытудың сынақтан өткізілген және бейімделген инновациялық әдістемелері мен технологияларын қолдану қарастырылады

Ерекше және мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу және оқыту кезінде баланың білім алу қажеттіліктеріне сәйкес үлгілік оқу, **арнайы, жеке/бейімделген** білім беру бағдарламалары қолданылады

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

- 1) Дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі (оқыту басқа тілдерде жүргізілетін топтарда);
- 7) сенсорика;

- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған ортамен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

3-тарау. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

22. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бөбек жасындағы (1-2 жастағы) және мектепке дейінгі жастағы (3-5 жастағы) балаларға арналған Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларында айқындалады.

23. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың вариативтік оқу жоспарларын әзірлеу кезінде тәрбиеленушілердің жас, психологиялық-физиологиялық мүмкіндіктері мен ерекшеліктері ескеріле отырып, оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сақталады.

4-тарау. Тәрбие мен оқыту мерзіміне қойылатын талаптар

24. Жас кезеңдері мынадай:

- 1) бөбек жасы – 0 (жаңа туған балалар) – 2 жастағы балалар;
- 2) мектепке дейінгі жас – 3-5 жастағы балалар.

25. Жас топтары балалардың күнтізбелік жылдағы толық жасын ескере отырып, оқу жылының басында жасақталады:


- ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;
- кіші топ – 2 жастағы балалар;
- ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;
- ересек топ – 4 жастағы балалар;
- мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

26. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ ЖОСПАРЫ

*"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспарларын бекіту туралы" ҚР БҒМ 20 желтоқсан
2012 ж № 557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы
ҚР ОАМ 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы*



Бөбек жасындағы балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ерте жас тобы (1 жастағы балалар)	кіші топ (2 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
5	Сурет салу	-	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	-	күн сайын
	Құрастыру	-	күн сайын
6	Музыка	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Музыка***	күн сайын	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет	күн сайын	күн сайын

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, оның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Бөбек жасындағы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

*** Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы ән айтуға, музыка тыңдауға, әндерді жаттатуға, импровизацияға, музыкамен ырғақты қозғалыстарға, шулы балалар аспаптарында ойнауға және музыкалық іс-әрекеттің басқа түрлеріне уақыт бөлінеді.

**** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Жас топтары	
		ортаңғы топ (3 жастағы балалар)	ересек топ (4 жастағы балалар)
1	Дене шынықтыру	аптасына үш рет	аптасына үш рет
	Дене шынықтыру**	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына бір рет	аптасына бір рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Музыка	аптасына бір рет	аптасына екі рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын	күн сайын

* Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

** Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тындау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

***** Арнайы түзетуші іс-әрекет арнайы мектепке дейінгі ұйымдарда, мектепке дейінгі ұйымдардың арнайы топтарында мүмкіндігі шектеулі балалар үшін жүргізіледі.

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа / мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (5 жастағы балалар)

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат

Ескерту:

*Ұйымдастырылған іс-әрекет - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген сабағы.

**Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді.

***Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

****Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыка тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа музыкалық іс-әрекетке уақыт бөлінеді.

Анықтама үшін:



8 (7172) 28-09-50



i-rrd2021@mail.ru



doshkola_kz



Мектепке дейінгі ұйым педагогтері (клуб)



Балаларды ерте дамыту институты



www.irrd.kz



YouTube ИРРД